


ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, IV

Адами дисквалификация эстетикасы





Мақсаты: Тобин Зиберстің адами дисквалификация эстетикасы теориясымен танысу, оның дереккөздері мен қазіргі таңдағы көрінісін түсіну.

Тірек сөздер: эстетика, мүгедектік, дисквалификация, төмендетушілік, өнер, нацизм.

Бүгін біз екі дәріске созыларлық тақырыпты қозғағалы отырмыз: Тобин Зиберстің «Адами дисквалификация эстетикасы» атты мақаласы.

Тобин Зиберс – Мичиган университетінде ағылшын тілінің оқытушысы, «Медузаның айнасы» (1983), «Мүгедектілік эстетикасы» (2010), «Қырғи-қабақ соғыс және скептицизм саясаты» (1993) атты кітаптардың авторы.

Нормативті адамзат қоғамына лайықты мүше болу үшін Д. Ривкин мен М. Райанның сөзінше, адамдар белгілі бір нормативтілік талаптарына сай келуі тиіс. Физикалық кемшіліктер бұл тұрғыдан, қалыпты ережеге қайшы келіп, адамдардың дисквалификациясына негіз болды. Тобин Зиберстің ойынша, эстетикалық талғам – сұлулық идеясына сүйене отырып, дисквалификацияның жүзеге асуына ықпал етеді.

Тобин Зиберс әлемдегі медициналық технологияларға, бай елдердің кедей елдерге көмек қолын қайырымдылық ұйымдарды құру арқылы созуына қарсылық білдіреді. Ол «Күлкі поезы» (Smile Train) деп аталатын халықаралық қайырымдылық ұйымының қызметін мысалға ала отырып, қалайша осындай ұйымдардың игі істердің атын жамылып адамды кемсітудің жаһандық моделін қалыптастырып жатқандығына талдау жасайды.

Қазір – қиын заман, әлемнің кез келген бұрышындағы адамдарға көмек қажет. Көмекке зәру деп белгілеу – символизмде мүгедектілікті көрсету, былайша айтқанда, дискриминация, теңсіздік және зорлықты сипаттау деген сөз.

Тобин Зиберс адами дисквалификацияны эстетика деп атап, жәбірлеудің осы және басқа да формаларына белгілі бір деңгейде үлес қосты. Ғалым мұндай символизм – эстетикалық түсініктерге байланысты екенін айтады. Зиберс дискриминацияланған адамдарға не жетіспейтінін анықтау керек деп ойлайды: олар икемсіз, көмекке зәру, ауру, біліксіз, әлсіз, өркениетті емес, дамымаған, ақауы бар т.б. болып келеді. Оның ойы – аталған мәселеге теориялық сипаттама беру, адами дисквалификация тарихынан мысалдар келтіре отырып, талдаулар жасау.

Үш анықтама. Дисквалификация – символикалық үдеріс ретінде жекелеген адамдардың сапалы адами қасиеттерінен айырып, теңсіз қатынастар, дене жарақаттары мен өлімге итермелеуді білдіреді.

Адамдар сапаның белгілі бір деңгейіне қол жеткізе алмаса, жәбірлене бастайды – бұл әділетсіздік, әрине. Бұл жерде «сапалы» адамдар деген топ болатынын байқап отырмыз. Сапалы адамдарды сапасыз адамдарға қарсы қойып, салыстыра білу керек.

Дисквалификация теңсіз қатынастар, зорлық және жәбірлеуді ақтап алу ретінде натурализация жолымен жүзеге асады.

Снайдер мен Митчелдің ойынша: «Мүгедектік – бүгінгі заманауи әлемдегі адами дисквалификацияның түрленуі немесе басқаша айтқанда «жарамсыз» денелер». Ұлттық айырмашылықтар дискурсы секілді дисквалификация – қалыпты адамдар тобына ену мүмкіндігінен айыратын жол. Снайдер мен Митчел мүгедектік – бөтендік немесе өзгешелікті сипаттайтын маркер, адамдар арасында айырмашылықты белгілейтін төменгі дәрежелі қасиет. Дуглас Бэйнтон XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Құрама штаттарда мүгедектік жыныс, нәсіл, топ және ұлт секілді белгілермен сипатталып келді. Әйелдер – ақыл-ой және физикалық ауытқушылықтары бар, төменгі топ өкілдері ретінде бағаланды. Тіпті терісінің түсі басқа адамдар да – биологиялық төмен адамдар деп танылды. Америка Құрама штаттарына қашып келгендер тізімінен ауру, кедей немесе тестен өтпегендер алып тасталды.

Дененің психикалық және физикалық қасиеттері – дисквалификациялау символы. Ал мүгедектік шын мәнінде – әлеуметтік емес, керісінше медициналық мәселе. Егер адамдарды дисквалификациялауды нәсілдік, жыныстық, гендерлік және топтық белгілеріне қарай жүргізетін болсақ, шектеулі мүмкіндігіне қарай дисквалификациялауда да белгілі бір дәрежеде қиындық бар екеніне көз жеткіземіз.

Қазір біз ауытқуы бар денені емдеп, түзетіп, қажет болса, түбірімен жоюға талпынып келеміз. Бірақ олардың қоғамда кемсітушілігін түзету мүмкін емес. Медицина мен қайырымдылық – мүгедектердің қиындықтарына берілген әділ жауап. Себебі мүгедек – қиындықтың туындауының ақиқат негізі саналады.



Эстетика – бір дененің екінші денені белгілі бір сезімді бастан кешіруге итермелеуі.

Зиберг денеге – адам тәнін, суреттерді, мүсіндерді, ғимараттарды, адами артефакттарды, сондай-ақ жануарлар мен табиғи әлемдегі жансыз заттарды жатқызады. Эстетика – бір дененің екінші денеге өткізетін сезімдері еріксіз жүзеге асатынын ерекше көрсетеді. Эстетика – бөтендік сезімі күшті, әрі қорқынышты формада көрініс беретін орта. Сұлулық болсын, ұсқынсыздық болсын, ауру болсын, қорқыныш болсын, әйтеуір бір дененің екінші денеге эмоционалды ықпалы оның автономдығына қарсы әрекет ретінде бөтендік күшін дәлелдейді. Эстетика – адам туралы ғылым.

Басқаларға қарағанда рақат немесе ауруды терең сезіне алатын, немесе басқаларға қуаныш сыйлап немесе жанын ауыртатын адамдар кемсітушілікке оңай шалдығады. Мүмкіндігі шектеулі адамдар, терісінің түсі басқа адамдар т.б. өздеріне қол жұмсап немесе басқаларды өлтіруге иілгіш келеді. Эстетикалық дисквалификация – өнертанушылар немесе мұражай директорлары үшін өзекті мәселе емес, керісінше, саяси сипаттағы үдеріс. Оған барлық адамдар көңіл бөлуі керек. Эстетиканы дұрыс түсіну өте маңызды, себебі ол дисквалификацияның негізі қағидаттарын ашып береді. Талғамның сауатсыздығы – адамды кемсітуге апаратын алғашқы баспалдақ.

Жәбірлеу – бір топты жүйелі түрде қорлау. Басқаша айтқанда, топаралық зорлық формасы. Жәбірлеуге жекелеген адамдар емес, топтар түсіп отырады. Жәбірленетін топтар әдетте биологиялық ауытқушылығы бар адамдар болады. Биологиялық ауытқушылықтың прототипі – мүгедектік. Жәбірлеу мәселесін жақсы түсіну керек. Бұл өте маңызды. Оны дұрыс түсіну не түсінбеу арқылы адамның эстетикалық пайымы да қалыптасуы әбден мүмкін.

Зиберс мынадай үш аналитикалық мысалды келтіреді.

Адамидисквалификацияэстетикасыадамныңықпалыетуаймағынанкөрінеді. Дисквалификация – эстетика емес, эстетикалық контекстерде өңделіп отыратын үдеріс: мұражайларда, көркемдік көрмелерде, әдеби туындыларда, музыкада, көркемдік каталогтарда, журналдарда т.б.

Зиберс өзінің мысалдарын нацистік дәуірге назар аудара отырып, келтіреді. Ол бұл дәуірді модернистік өнердің күштеп интерпретациялануы деп біледі. Содан кейін Зиберс 2005 жылға секіріп, Элисон Лаппердің, Марк Куиннің Лондондағы Трафальгар алаңындағы мүсіндерін мысал етеді. Ол мүгедектердің денелері – өнердің негізгі нысанына айналып, қоғамдық орындарда суреттеле бастағаны туралы пікірталастың қателігін алға тартады. Одан ары, автор өзінің мысалдарын 2008 жылғы «Ньюсвик» журналында жариялаған эссесінде келтіріп, Филадельфиядағы Мюттер мұражайындағы медициналық суреттерді, яғни ұсқынсыз адамдар шоуы туралы жазады.

Әрбір аналитикалық мысал эстетикалық тұжырымдар өнер мен саяси әлем арасында ары-бері қозғалып, екіжақты пікірлердің туындағанын көрсетеді.

Дегенеративті өнер және ауытқуы бар адамдар

Нацистер мүгедектікті адамдарды дисквалификациялау үшін қолданудан шеміркепеген. Гитлердің өнерге деген махаббаты мен суретшілер туралы түсінігі – қаншалықты күлкілі көрінсе де, өнердің нацистік идеялар мен философияны дамытатын құрал болғанын дәлелдей түседі. Сондай-ақ өнер – сапасыз адамдар туралы нацистік идеяның дамуына түрткі болған сала еді. 1937 жылы «Ұлы герман көркемдік көрмесі» мен «Дегенеративті өнер» арасында конкурс өтеді, онда нацистердің эстетикалық дисквалификацияны адамдардың типтерге жіктеу құралы ретінде қолданғаны айқын көрінген.

«Дегенеративті өнер» көрмесі нацистердің модернистік көркем өнердегі «ауытқуы бар адамдарды» бейнелеуін қатты сынға алса, «Ұлы герман көркемдік көрмесі» немістердің басқа ұлттардан жоғары тұрғанын, эстетикалық талғамы да жоғары екенін көрсетуі керек болды. Екі көрменің мақсаты – екі түрлі болды, бірақ олардың бір жылда жүргізілуі бізге нацистік эстетикалық дисквалификацияның тұжырымын айқын көруге мүмкіндік береді.

«Ұлы герман көркемдік көрмесіне» енген жұмыстарда физикалық теңсіздік пен нәсілдік кемсітушілік көріністері жоқ. Нацистер сұлу неміс дене мүсіндерінің суреттерін көрсете отырып, өздерінің басқалардан жоғары екенін дәлелдеуге тырысады. Көрме Гитлердің өнер туралы



идеяларына негізделді. Гитлер денсаулық пен нәсілдік біртектілікті – адамдардың сапалық қасиеті деп білді. Ауру мен мүгедектік – Гитлер үшін ең негізгі дисквалификаторлар еді.

«Дегенеративті өнер» көрмесіндегі модернистердің жұмыстарын Гитлер қатты сынға алып, оларды «деформацияланған мүгедектер мен ақылсыздар, әйелдер, адамдар арасында тек жеккөрушілікке лайықты жандар, адамнан гөрі айуанға ұқсас жаратылыстар, былайша айтқанда, Құдайдың қаһарына ұшырағандардың өнімі» деп келемеждеді.

«Дегенеративті өнер» көрмесі медициналық бейнелерді интерпретациялады немесе жұмыстарын медициналық суреттермен салыстырды. Көрме көпшілікті эстетиканы нацистерше түсінуге итермеледі. Көрермендер дегенеративті жұмыстарды нацистердің көзімен қарауы керек болды.

Дегенерация – ең алдымен, медициналық термин. Макс Нордау оны өнерге қатысты қолданды. XIX ғасырдың екінші ширегінде дегенерацияны денсаулығында генетикалық ауытқушылық бар, сексуалды әдеттері өзгеше, жүйкесі шаршаған адамдарға қатысты қолданыла бастады. Нацистер осы ерекшеліктерді негіз етіп, эстетикалық сұлулық стандарттарын анықтауға тырысты. «Дегенеративті өнер» деп аталуының себебі – денедегі ұқсынсыздық, қанға толған көз жанарлар, әлсіздік, жүйке жүйесінің шаршауы қазіргі замандағы басты күйзеліс деп танылуы. Еврейлер мен гомосексуалдар, қылмыскерлер автоматты түрде – биологиялық төменгі топтағы адамдар деп есептелді. Нацистер өзінің осындай пікірлерін адамдардың физикалық ерекшеліктеріне негізге ала отырып, дәлелдеуге тырысты.

Нацистер «дегенеративті» деп тиым салынған жұмыстар – мазмұны мен формасы жағынан басқа көркемдік жұмыстарға қарағанда, оңай тануға болатын еді. Осы ретте «Ұлы герман өнері» деп аталған өнер саласына ерекше көңіл бөлу қажеттілігі артып отыр. Зиберс қандай көркем туындылар – ең үздік өнер туындылары саналатынын анықтағаннан гөрі, адами дисквалификация эстетикасын түсіну керек. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін эстетиканың жәбірлену әрекетін түсінуге қосқан үлесіне назар аудару керек.

Ұлы герман өнері сау денеге негізделген жалған адам типтерін қалыптастыру арқылы эстетикалық стандарт ұғымын белгілейді. Бұл тип норма ретінде ұсынылды, одан бас тартқан жағдайда, адамның дисквалификациясы мен оның жәбірленуінің алдын алуға болады. Алайда мүгедектік пен эстетиканың қарым-қатынасы тұрғысынан алғанда, адам тәнінің қаншалықты күрделі әрі таңғажайып екенін көруге болады. Адам денесіндегі ауытқушылыққа назар аудармаңыз, сонда адамзат әлемі кінәратсыз екенін білесіз. Мүгедектік теориясының теоретиктері кемшіліксіз денелер бір-біріне өте ұқсайтыны, ал мүгедектік – денелерді бір-бірінен айырып тұратын белгі екенін айтады. Егер адамзат табиғатының күшін оның эволюциясынан байқауға болса, нацистер кемшіліксіз болу үшін онда ешқандай эволюция болмауы керектігін алға тартады.

«Ешқандай кемшіліксіз сұлулық – деген жоқ», – деп пайымдайды Фрэнсис Бэкон. Иво Залигердің «Диананың демалысы» туындысындағы сұлулық символы – үш әйелдің бір-бірімен бірдей болуында. Бұнда бір фигура әртүрлі тұрғысынан бейнеленген. Зиберстің ойынша, нацистер іздеп жүрген кемшіліксіз жаратылыстар – жеке тұлғалық пен әртүрлілігі жоқ біртекті жансыз бейнелер. Иозей Торактың «Қауымдастық» туындысында суретшінің бұл мәселеге еркектер көзқарасы тұрғысынан қалай қарағаны көрінеді. Бұлшықеттер, алып фигуралар – дені сау адамның керемет идеалы деп сипатталған. Гитлер «Ұлы герман көркемдік көрмесінің» ашылу салтанатында сөйлеген сөзінде жаңа адам типін қалыптастырудың алғашқы қадамы – сұлулық пен денсаулыққа ерекше мән беру деген пікір айтады. «Жаңа ғасыр жаңа адам типін қалыптастырумен айналысуда», – дейді Гитлер. – Біздің адамдардың жоғары мәртебесін көрсетіп, біздің еркектер, балалар мен жігіттерімізді, қыздар мен әйелдерді сау болуға тәрбиелеу керек. Жаңа күш пен сұлулықтан жаңа өмір, жаңа қуаныш сезімдері қалыптасады. Осы кезге дейін адамзат баласы көне дәуірдегі әлем бейнесінде қалып келді, бүгінде олар айтарлықтай өзгерді». Нацистік өнердің басты мақсаты – жаңа адамды суреттеу.

Ұлы герман өнерімен салыстырғанда, нацистердің дегенеративті өнері – адамның іс-әрекеттеріндегі әртүрлілікті көрсетуді мақсат етеді. Бұл әртүрлілік – біріншіден, ауытқу салдары болса, екіншіден, нацистер модернистік өнердегі ауытқудағы эстетиканың рөлін бірінші болып мойындағанын дәлелдейді. Нацистер дәстүрлі бейнелеу өнерін дадаизм немесе экспрессионизмге қарсы қойды деуге болмайды, олар нацизм суретшілері техникалық



шеберлікпен сурет салғанын қатты қалады. Нацистер дәстүрлі бейнелеу өнеріне ден қойып, идеалдылықты интерпретациялады. Дадаизм мен экспрессионизм техникасы денені деформациялап, мүгедектерді бейнелейді. Модернизм адамдардың бет-жүздерін жасыл, сары немесе қызылкүрең түсте бейнелеп, олардың бойындағы ауру-дертті жасырмайды. Модернистердің бояудың сапасына ерекше назар аударуы суретшілерді мүгедектікті бейнелеуге мәжбүр етті. Модернизмде зорлық, қорқыныш, үрей, террор, жүйкенің шаршауы секілді тақырыптарға ерекше назар аударылды. Тынышсыз, қорқақ адамдар модернистердің суреттеріне негізгі арқау болды. Нацистер модернистік өнерге қарсы соғыс ашты деуге болады. Себебі модернизм ауытқу немесе кемшілікті айқын суреттеп отырды.

Модернизм адам денесіндегі әртүрлі ауытқулар мен кемшіліктерді анық суреттеу арқылы жоғары жетістіктерге жеткен. Нацистер табиғаттың эстетикасын терең түсінді, бірақ, жоққа шығарып, өнердің болашақ бағытына қате түсіндірме берді. Себебі өздері де адамзат мәдениетіндегі көптеген құндылықтарды дұрыс түсінбеді. Оның орнына, адам баласының адами жай-күйін, эмоцияларын, сана-сезімі мен физикалық ерекшеліктерін суреттеген модернизмге қарсы шыға берді.

Зиберс Эмиль Нольденің «Мулатто» картинасы мен Людвиг Мейднердің «Автопортрет» картинасын алып қарастырады. Нольде өзінің суреттерін «Дегенеративті өнер» көрмесінде ұсынды. Оның туындысы нацистердің қатты сынына ұшырады. Нольденің туындысында бейнеленген әйелдің терісінің түсі де түсініксіз, не ақ, не қара емес болатын. Ал жүзі шаршаңқы, шаштары жалбырап тұр, қысық көздері нацистік медициналық көзқарас тұрғысынан әйелдің денсаулығында ауытқу бар деген ойды тудырады. Нәсілі белгісіз бұл әйел – немістердің ақсүйектікті сақтау керек деген қатаң ережесінің бұзылуының символы еді. Еврейлік экспрессионист-суретші Людвиг Мейднер өркениетті әлемдегі қираған әлемнің қорқынышты бейнесін суреттеп, алғашқы сәттен бастап-ақ, өзіне қарсыластарды көбейтіп алды. Кейіннен Мейднер автопортретшіге айналды. Нацистер оның «Автопортрет» атты туындысын «еврейлік бөлмеге» жасырып, еврей халқының кемістігі бар екенін дәлелдеді деп білді. Мейднер картинаның төменгі жағына «еврейлік, тым еврейлік» деген сөздер жазып қалдырады. Еврейлік бөлменің кураторы Мейднердің туындысын «еврейлік нәсілшіл бет-бейне» деп бағалады. Нацистер бұл туындыдан нәсілшілдік пен кемістікті көріп қоймай, басқа көрермендердің де соны көргенін қалады: қалыптан тыс бет жүзі, эльфтік құлақтар, қалыпты емес қолдар және майысқан дене – еврейлердің биологиялық кемістігін көрсетеді.

Дегенеративті өнерді анықтауда маңызды тағы бір категория – антиәскери өнерге қатысты дисквалификация белгісі.

Калло мен Гойи жаралы солдаттар, азаптау құрбандары, бет-әлпеті мен сыртқы бейнесі әбден бұзылған адамдарды, қираған қалаларды бейнелеген суреттерін тарата жүріп, халықтар арасында соғысты насихаттаушы деп айыпталды. Соғыс әкелген зұлымдық пен жамандықтың салдары – мүгедектік осылай пайда болады деп білді көпшілік көрермендер. Гитлердің әскери машиналары осы дәстүрді шектеуге толық құқылымыз деп есептеп, әскери қимылдарды дегенеративті деп түсінді. Гитлер секілді, Эрнест Людвиг Кирхнер Бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысып, Германияны қорғауға қатысты. Бірақ соғыс майданында көрген қорқыныштан ұзақ уақыт арыла алмады. Салдарынан жүйкесі сыр беріп, соғыстың шынайы бейнесін өзінің «Автопортретінде» суреттеді. Кейіннен туынды «Дегенеративті өнер» көрмесінде көпшілікке паш етілді. Картинада Кирхнер өзін униформада, оң қолы жоқ етіп бейнеледі. Ал соғыстың ұсқынсыз көрінісі жалаңаш әйел бейнесінде суреттелді. Сыншылар Кирхнерді дегенеративті суретші деп сынап, оның 600-ден астам туындыларын кәмпескіледі. Ақыры, жүйкесі бұзылып, суретші 1938 жылдың 15 маусымында өз-өзіне қол жұмсады.

Модернизм суреттеген соғыс зардаптары – адамның санасы мен денесі өте әлсіз екенін дәлелдейді. Нацистер осы тақырыпты соғысты емес, белгілі бір тұрғындар және нәсілдерді кемсіту немесе айыртау үшін қолданды. Модернизм суретшілері индустриализацияға және қалалардың көбеюіне үреймен қарап, архаикалық нацистік отанда өмір сүру керек деген үгіт жүргізіп бақты. Модернистік өнердегі дүниежүзі адамдарының бейнелері – адамдардың вариацияларға ашық екенін көрсетті. Бірақ Гитлердің жақтастары мұны – дегенеративті, төменгі тапта тұрған адамдардың әрекеті деп түсінді. Нацистер модернистік өнерді басқаша түсініп, адами дисквалификация эстетикасына қызмет ететін өнер түрі деп айыптады.



Модернистік өнердің мақсаттары мен бағыттары нацистердің жеккөрушілігі мен соқыр сеніміне сай келмеді, әрине. Бірақ кері интерпретациялау арқылы нацистер адам типтерін экспансияға айналдырды. Нацистер дисквалификация жүйесін құрып, геноцидті жақтады.

Келесі дәрісте сіздермен қазіргі замандағы өнер және адами дисквалификация арасындағы өзара байланыс туралы сөз ететін боламыз. Автор Марк Куинннің Трафальгар алаңына 2005 жылы қойылған мүсіні мен 2008 жылы «Ньюсвик» журналында жарияланған эссесін мысалға алады. Тобин Зигерс өнердің шегарасы, оның адамдар мен қоршаған әлемді өзгерту қабілеті туралы тұжырымдарымен бөліседі.

Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

1. Эстетикалық стандарттар мүмкіндігі шектеулі адамдарды төмендету және жәбірлеуге қалай әсер етеді?
2. Модернистік суретшілердің шығармашылығында нацистер қалай интерпретацияланған?

Әдебиеттер

1. Johnson Harriet McBryde. Should I Have Been Killed at Birth? The Case for My Life. - New York Times Magazine. 2003. – February 16. <http://query.nytimes.com/gst/fullpage.html?res=9401EFDC113BF935A25751C0A9659C8B63>
2. Nussbaum Martha C. *Frontiers of Justice: Disability, Nationality, Species Membership.* – Cambridge: Harvard University Press, 2006.
3. Snyder Sharon L., Mitchell T. David. *Cultural Locations of Disability.* – Chicago: University of Chicago Press, 2006.
4. Sax Benjamin, Kuntz Dieter. *Inside Hitler's Germany: A Documentary History of Life in the Third Reich.* – Lexington, Mass: D.C. Heath, 1992.